

## **№4дәріс. Экскурсиялық жұмыстардың спецификасы (ерекшелігі) және оның ақпараты.**

### **Дәріс жоспары:**

1. Экскурсиядағы «функция» мәні, экскурсияның - қызмет түрі ретінде атқаратын функцияларына сипаттама.
2. Экскурсиядағы: ақпараттық-тәнімдыш, тәрбиелік, ойын-сауық – демалыс, эстетикалық функциялар.
3. Экскурсиядағы функциялардың өзара қарым-қатынасы

**Мақсаты:** Экскурсиялық жұмыстардың ерекшелігін ескере отырып жаңа ақпарттарды қабылдауға, талдауға білім алушылар үйренеді.

Қай ғылым болмасын белгілі бір қызметтерді (функцияларды) атқарады. Оған ең алдымен, көпшілігінде тәнімдыш қызмет жатады. Көрсетілетін нысандардың көптігі, сан салалы тақырыптар, экскурсия жүргізу әдістемесінің жолға қойылуы, экскурсия жүргізушінің кәсіби шеберлігі адам тәрбиесі мен білім алуында үлкен рөл атқаратын экскурсияның белгілі бір қызметтерді атқаруына мүмкіндік береді. Кез келген мәдени-ағартушылық жұмыс формасы өзінің табиғатына қарай басқалардан өзгешеленетін белгілерден тұрады. Экскурсияның негізгі белгісі – көрнекіліктің ең жоғарғы дәрежесі. Оның осы тағілеттес, онымен астасып жатқан басқа да белгілері бар.

Экскурсия қызмет түрі ретінде бірнеше функцияларды атқарады.

**Ақпараттық-тәнімдыш функция.** Кез келген экскурсия өз тақырыбы бойынша белгілі бір мәдени қабаттарды немесе табиғи ортаны игеруді жоспарлайды. Мейлі ол өндіріс орны, ғарыш айлағы, архитектуралық кешен, тарихи оқиға (жиын (мысалы, Ордабасыдағы басқосу), шайқас, т.б.) болған жер немесе табиғи ландшафт болсын, нәтижесінде экскурсияға шығушы (келуші) тың мағлұматтар алады. Сол себепті де әрбір экскурсия толымды, ғылыми негізделген, мұқият текстерілген ақпараттар легін қамтуы тиіс.

**Тәрбиелік функция.** Экскурсия өз кезегінде келген экскурсанттарға белгілі бір тақырып бойынша білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар олардың белгілі бір жайтқа деген өзіндік қатынасын, пайымдауы мен ой-пікірін қалыптастырады. Бұл экскурсия жүргізушіге экскурсанттар тобында бірдей ойлау мен жалпы күйзелу үдерісін қалыптастырып, олардың дүниетанымына, тәртіп нормалары мен тілдің этикетіне ықпал тигізуді міндеттейді. «Тәрбие» түсінігі көп қырлы екендігіне қарамастан, экскурсияда идеялық-саяси, патриоттық, рухани және эстетикалық, еңбек ету мен физикалық тәрбиелер де астасып жатады. Тақырыптық экскурсияның әрбір тобының өзіндік тәрбиелік мәні бар. Табиғаттану экскурсиялары табиғатты, жануарлар мен өсімдіктер әлемін қоргауды, оларға іңкәр сезіммен қарауды адам бойында қалыптастырады. Өнертанулық экскурсиялар экскурсанттарды эстетикалық түрғадан тәрбиелеуге бағытталған. Өндірістік орындарға жасалған саяхат еңбекке деген құрметті оятады. Ал этнографиялық экскурсиялар түрлі халықтардың дәстүріне, жосын-жоралғылары мен әдет-ғұрыптарына құрметпен

қарауға жетелейді. Экскурсияда тәрбиелік әсер беруге қол жеткізу үшін көркем, ғылыми-көпшілік фильмдердің үзінділері мен құжаттық фильмдер көрсетілуі ықтимал, сондай-ақ қоғам және мемлекеттік қайраткерлердің аудио жазбалары тыңдатылуы, кәсіпорын немесе мекеме басшыларымен кездесулер үйімдастырылуы мүмкін. Экскурсияның маңызды бөлігінің бірі оның тамамдалған кезі болып табылады, бұл уақытта экскурсия жүргізуши экскурсанттардың алған білімдерін түрлі шолулар, сауал-жауаптар арқылыbekіte түседі.

**Ойын-сауық – демалыс функциясы.** Экскурсия жүргізуши экскурсияға келген адамның танымын ғана емес, сондай-ақ демалысқа келгендейгін, мұнда ол өзінің бос уақытын тиімді пайдаланумен жүргендігін естен шығармағаны жөн. Сол себепті де экскурсия бір жақты тек қана танымдық қызмет түріне айналып кетпеуі керек. Бір шетінен экскурсия мәнін ойын-сауыққа айналдырып жіберуге де болмайды. Экскурсия жүргізуши осы екі тарапты да қанағаттандыратын позицияны таңдап алуы тиіс.

**Эстетикалық функция.** Эксурсанттардың эстетикалық талғамын оятуда аталған функцияның маңызы зор. Экскурсия кезінде келушілерге күнделікті күйбің тіршілікте мән беріле қоймайтын жайтарға баса назар аударуы қажет, бұл жерде қоршаған ортаның әсемдігі, нысандардың өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтары мәнерлі тілде жеткізіліп, рухани өмірдегі алар орны әсерлі түрде баяндалынады. Бұған экскурсия жүргізуши шеберлігі өз ықпалын тигізеді.

**Қатынасты (коммуникативті) функция.** Экскурсияға қатысуышылардың өзара пікір алмасуын рухани-ақпараттық түрге жатқызуға болады. Экскурсия әсері тек қана экскурсия жүргізушінің тақырып аясындағы білім деңгейімен немесе сан алуан ақпараттар легін шебер жеткізе алуымен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар экскурсия мүшелерімен қатынас орната алуымен де ерекшеленеді. Яғни экскурсия жүргізуши экскурсанттардың әрбір мүшесімен, автобус жүргізушісімен, музей қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек. Бұл оның жеке басында адамгершілік, ізеттілік, кішіпейілділік, т.б. қасиеттер мол екендігін, арада ешқандай кедергісіз аудиториямен қатынас орната білетін жайдары мінезді жан болып табылатындығын көрсетеді. Ал экскурсия жүргізушінің көңіл-күйі, сөйлеу мәнері экскурсияның табиғатына өзіндік әсерін тигізетіндігі де белгілі.

Жоғарыда айтылған функциялардың кемінде үшеуі кез келген экскурсияда кездесіп жататын қалыпты жағдай. Экскурсия кезінде аталған функциялардың әрбірі сан түрлі деңгей-дәрежеде орын алуы ықтимал.

Ғылымда әдістемені жалпы және жеке (жалқы) деп жіктейді. Әдістеме кеңінен алып қарағанда, белгілі бір міндеттерді шешу, қойылған мақсатқа жету үшін жасалған әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып табылады. Жалпы әдістеме оқыту тәсілдері мен талаптарын қамтыса, одан таралған жеке әдістеме әрбір ғылым саласында орын алады, былайша айтқанда, кез келген ғылымға тән оның өзіндік жеке әдістемесі бар.

Экскурсиялық іс әдістемесі де жеке әдістемеге жатады. Ол экскурсияға қойылатын талаптар мен ережелердің жиынтығынан, экскурсияны дайындау

мен өткізу әдіс-тәсілдерінен тұрады. Осыған орай, экскурсиялық әдістемені экскурсия жүргізушінің кәсіби шеберлігінің негізі, материалды жеткізуді жетілдіруші тетік, экскурсия жүргізушінің қызметін реттейтін үдеріс ретінде бірнеше тұрғыдан қарастыруға болады. Әдістеме экскурсанттарға аз уақыт ішінде көп нәрсені көруге, есте сақтап қалуға және түсінуге (тақырыпқа арналған дәріске қарағанда) мүмкіндік береді. Белгілі бір тақырыпқа арналған лектор дәрісі экскурсиялық нысаннан тыс жатқандықтан, оның дәрісі айтарлықтай қызықты бола қоймауы мүмкін, ал нысанды көрсетіп тұрған экскурсия жүргізушінің әңгіме-баянын экскурсант мұқияттыңдайды, көзімен көріп тұрған дүние төңірегіндегі мәліметтерге қанығады, білім нәрімен сусындейды.

Экскурсия әдістемесі экскурсанттарды нысанмен байланыстырады, ол сан алуан талдау тұрлерімен, көзben салыстырып көрумен астасып жатқандықтан, философияға, яғни жалпығылыми әдіс-тәсілдерге, ғылыми ұстанымдарға негізделінеді. Өз кезегінде экскурсия мазмұн, құрылым, аудиторияға ықпал ететін арнайы әдістердің диалектикалық тұтастығы болып табылады. Аудиторияға ықпал ету келушілер тобының сұраныстары мен қызығушылығымен байланысты болып келеді.

Тәжірибеде тәрбие мен оқытуға қатысты бағытталған зерттеу, жүйелеу, қалыптастыру және қолдану секілді шаралар, сондай-ақ экскурсиялық мекеме қызметкерлері өз жұмысында пайдаланатын әдістемелік тәсілдердің барлығы экскурсиялық әдістеменің пәніне жатады. Экскурсиялық әдістеме экскурсия жүргізудің сан алуан тәжірибесін қабылдан, іс жүзінде тақырыпты ашу мен оны қабылдаудың ең тиімді жақтарын, озық үлгілерін алуға жетелейді. Сондықтан да, экскурсиялық әдістемені жетілдіріп отыруға барлық тарап мүдделі. Оны дамыту, жетілдіре беру үшін ең алдымен, әдістеме мазмұнына, оның әдіс-тәсілдеріне назар аударып отыру керек. Нысанды көрсету алуан тұрлі әдістер бойынша жүзеге асады. Экскурсиядағы әңгіме-баянда экскурсия жүргізуі анықтама, әңгімелесу, суреттеу, түсіндіру, түсініктеме беру және әдеби сөздерді (өлең, цитата, т.б.) қолданады. Экскурсия жүргізушінің әңгіме-баяндағы әдістемелік тәсілдер шешендік өнерден де алынады. Оған сөйлей білу, орынды сөздерді қолдану, үшқыр ой айту, мәнерлеп сөйлеу тәсілдері де керек.

Осыған орай, экскурсиялық жұмыстың әдістемесі: экскурсия не үшін дайындалды және жүргізіліп жатыр (мақсаты, міндеттері); қандай сауалдар сәулеленуде; экскурсияны қалай жүргізген жөн; экскурсанттар назарын қалай оятып, олардың қызығушылығын қалайша ұзақ уақыт сақтап тұрған дұрыс деген сауалдарға жауап береді.

Экскурсиялық әдістеменің қоятын өзіндік талаптары жеткілікті. Әдістеме барлық экскурсиялық үдеріске, оның үйымдастырылуы мен мазмұнына нақты талаптар қояды. Ол экскурсияны ойластырып, үйымдастыруға кірісken кезде-ақ көріне бастайды. Алдымен көрсетілетін нысан таңдап алынады, жүретін маршрут белгіленеді, әңгіме-баян мазмұны екшеленеді, т.б. Мұнда негізгі қойылатын талаптардың бірі экскурсия уақытына толық қамту болып табылады. Мысалы, экскурсияға 180 минут бөлінсе, экскурсия жүргізуі осы

уақытты толығымен пайдалана білуі тиіс. Көрсетілген уақытқа әңгіме-баяннан басқа автобуста жүру, жолда жүру, дем алу, т.б. енүі керек. Экскурсия жүргізуінде уақытты дұрыс бөле білгені азсал, яғни экскурсия кезіндегі жол қашықтығын, жаяу жүріп өтер жолдың орташа уақытын анықтау, маршрут кезіндегі үзілістер (билет алу, т.б.) секілді жұмыстарды ұйымдастыру да әдістемеден туындаиды.

Алғашқы минуттарда экскурсанттардың экскурсияға қызығушылығы артып тұратындығы практика бойынша анықталған. Мұны экскурсия жүргізуі қызықты әңгіме-баяны бойынша экскурсия соңына дейін ұстап тұруы қажет. Сайып келгенде, әдістеме экскурсиялық істің барлық тараптарын қамтиды, ондағы әрбір іс-әрекетте өзіндік әдіс-тәсілдер қалыптасқан, оларды нұсқаулық бойынша дұрыс орындау қажет.

Әдістемені дайындаудағы қыындықтардың бірі көрсетілетін нысандардың маңында тақырыпқа қатысы жоқ орташа түрдегі «керемет» бір нысандардың болуынан да туындауы ықтимал. Әдетте, сыртқы келбеті әдемі келген немесе ерекше салынған кейінгі заманың кейбір нысандары келушілер тарапынан сұрақ тудырмай қоймайды, бұған экскурсия жүргізуі дайын болуы тиіс. Әдістемелік тұрғыдан келген кезде мұндай мәселелерді шешудің бірнеше жолдары бар: а) экскурсия нысанынан жатқан нысанға қысқаша анықтама беру, оның тарихи орнын көрсету; ә) нысан жөнінде ештеңе айтпау; б) мұндай нысанды айналып өтіп, оның экскурсанттар назарына ең соңынан түсін қамтамасыз ету. Мұның бірінші және үшінші жолдары экскурсия жүргізуі үшін әрқашан тиімді.

Әдістемені жетілдіру жолдары әрқалай. Оның бірінші жолы – жүйелі түрде білімді толықтыру және жаңартып отыру, бұл үшін мәселеге қатысты жоғары оқу орындарында, курсарда мәселе көтеру қажет, материалдарды оқып отыру керек, әдістемелік және ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға қатысып блімді шындау қажет; екінші жолы – экскурсияны жоғары деңгейде өткізуге негіз болатын әдістемелік құжаттаманы (бақылау мәтіні, әдістемелік жасалынымдар, «экскурсия жүргізуі портфелі») дайындау; үшінші жолы – түрлі экскурсиялық тақырыптар бойынша көрсетілім мен баяндау үшін әдістемелік тәсілдер технологиясын жасау; төртінші жолы – әдістемелік тәсілдерді менгеріп алу; бесінші жолы – экскурсия жүргізуін техникасын өндеу; алтыншы жолы – экскурсия жүргізуі мен экскурсиялық топ арасындағы байланыстарды нығайту және сақтау, психология мен логика ғылымдарының негіздерін игеру.

Экскурсиялық әдістеме экскурсия жүргізуінде әдісі мен тәсілдері туралы ғылым болып табылады. Бірқатар экскурсиялық мекемелерде оның қызметі экскурсиялық тәсілдер жиынтығы ретінде бағаланады. Экскурсияны дайындау және ұйымдастыруда экскурсиялық әдістеме талаптары және көрсету әдістемесі, баяндау әдістемесі мен экскурсиялық үдерісті ұйымдастыру әдістемесі сынды оның негізгі бөліктері есепке алына қоймайды. Мұның өзі экскурсия сапасына, оны жүргізу өсеріне кері ықпалын тигізуі де ықтимал. Ең бастысы, экскурсия жүргізуі әдістеменің мәнін,

оның мақсаты мен міндеттерін, тақырыпты ашуға септігін тигізетін тетіктерін түсіне білуі тиіс.

***Бақылау сұрақтары:***

1. Экскурсия белгілерін сипаттаңыз.
2. «Функция» мәнін ашыңыз.
3. Экскурсиядағы негізгі функцияларды атаңыз.
4. Экскурсиядағы функциялардың өзара қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?
5. Коммуникативті функция мәні неде?
6. Эстетикалық функцияны түсіндіріңіз.

**Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. –Минск, 2004
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
3. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.
4. Белугина Г.К. Экскурсоведение. –Иваново, 2005. –21 с.
5. Марьяшев, А. Н. Памятники археологии Семиречья и их использование в экскурсиях : Учеб. пособие. – Алматы, 2002. – 32 [50] с.
6. Ибраева А.Ф. Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831-2006 жж.): тар. ғыл. докт. дисс. автореф. – А., 2010. – 48 б.